

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ЗАҢНАМАСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ

Біздің міндет - халыққа қызмет

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКСЫНЫҢ «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА КЕЛЕСІДЕЙ ҰҒЫМ БЕРІЛГЕН:

Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасы этимологиялық қарау мұны, «параға сатып алу», «пара» ретінде «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «concupire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққақарсы іс-әрекетті білдірген.

Сыбайлас жемқорлық — өздерінің лауазымдық өкілеттіліктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланып, немесе мүліктік пайда табу үшін заңда қарастырылған мемлекеттік қызметтегі және оларға теңестірілген тұлғалардың өздері немесе делдал арқылы мүліктік игіліктерді немесе артықшылықтарды қабылдау емес, ол лауазымды адамдарды оларға заңды және жеке тұлғалардың аталған игіліктерді және артықшылықтарды құқыққа қайшы жолмен ұсынып, параға жығуды болып табылады [1].



Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған мезеттен бастап бұл аса ауыр қылмыстарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»** арнайы заңын қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқада жалпы жұртта халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың мынадай әрекеттері игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар болып табылады:

- 1) өздерінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқарғаны үшін, егер заңдарда өзгедей көзделмесе, өзі тиісті міндеттерді атқармайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, көрсетілетін қызмет және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау;
- 2) өзінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқаруына байланысты не қызметі бойынша өздеріне тәуелді адамдардан жалпы қамқоршылығы немесе қызметінде бетімен жібергені үшін сыйлықтар алу немесе қызметін қабылдау;
- 3) жұбайының (зайыбының), туыстарының шақыруы бойынша олардың есебінен;
 - егер қарым-қатынасы шақырылатындардың қызметтік іс-әрекетінің мәселелерін қозғамаса, өзге де жеке тұлғалардың шақыруы бойынша (жоғары тұрған лауазымды адамның немесе органның келісімімен);
 - жоғары тұрған лауазымды адамның не органның келісімімен, ұйымдардың қаражаты есебінен ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіби, гуманитарлық шараларға қатысу үшін жүзеге асырылатын, оның ішінде осындай қоғамдық бірлестіктердің (қорлардың) жарғылық қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын сапарларды қоспағанда, шетел, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақыруды қабылдау;
- 4) несиелер, қарыздар алуда, бағалы қағаздар, жылжымайтын және өзге де мүліктер сатып алуда заңдарда көзделмеген артықшылықтарды пайдалану [1].

Қазақстан Республикасы Қалмыстық заңнамасы сыбайлас жемқорлыққа түсінік бермейді, алайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің жеткілікті құралдарын қамтиды. ҚР Қылмыстық кодексі бойынша сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыс деп сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық негізгі белгілері бар лауазымдық қылмыстарды санаған жөн. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар тізімі қылмыстың 16 құрамын қамтиды [2].



«Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» [3].

Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- 1.** Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру;
- 2.** Сыбайлас жемқорлық қауіптерін азайту бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 3.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты жоғарылату;
- 4.** Көлеңкелі экономика деңгейін төмендету [4].